

"Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу, іске асыруды мониторингілеу және бағалау ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 545 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 1566 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 26 мамырдағы № 541 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.05.2014 № 541 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу, іске асыруды мониторингілеу және бағалау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 545 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2009 ж., № 20, 175-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Бюджеттік инвестициялық жобаларды қарау, іріктеу, іске асыруды мониторингілеу және бағалау ережесінде:

мынадай мазмұндағы 50-1 және 61-1-тармақтармен толықтырылсын:

«50-1. Үкіметтік сыртқы қарыз қаражатынан және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру болжанған БИЖ-дің құнына техникалық көмекке, тауарларға, оқытуға, жоба құрылысын басқару, сүйемелдеу, институционалдық дамыту, қадағалау жөніндегі консультациялық қызметтерге арналған шығыстар қосылады.»;

«61-1. Үкіметтік сыртқы қарыздар қаражатынан қаржыландыру және республикалық бюджет қаражатынан сыртқы қарыздарды бірлесіп қаржыландыру болжанған БИЖ ТЭН-нің экономикалық сараптамасының қорытындысы техникалық көмекке, тауарларға, оқытуға, жоба құрылысын басқару, сүйемелдеу, институционалдық дамыту, қадағалау жөніндегі консультациялық қызметтерге арналған шығыстарды бағалауды қамтиды.»;

97-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«97. Республикалық бюджеттің нысаналы даму трансферттері мен кредиттері есебінен қаржыландырылатын жергілікті БИЖ-ді іске асыру жөніндегі ақпаратты облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың мемлекеттік

Кестенің жалғасы

Ауытқу себептері	Қабылданған (қабылданатын) шаралар	Жобалардың саны				Ескертпе (күжаттардың бар болу), қымбаттаудың себептері
		Барлық іске асырылатыны	Аяқталуға жоспарланғаны	Іс жүзінде аяқталғаны	Аяқталмаудың себептері	
30	31	32	33	34	35	36
						1 . * * * * * ТЭН 2 . * * * * * ЖСҚ
						3. **** Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылы істері агенттігінің бұйрығы
						4. ***** САРАПТАМАЛА 1) Салалық органның сараптамасы;
						2) ТЭН-нің мемлекеттік сараптамасы;
						3) Экономикалық сараптам 4) Экологиялық сараптам 5) Санитарлық-эпидемиологияль сараптама.

М . О .

Мемлекеттік органның бірінші басшысының Т.А.Ә. қолы

Е с к е р т п е :

- * БИЖ-дің іске асырылуынан бастап толық қаржыландырылуы, оның ішінде жылдар бойынша ;
- ** ТЭН қажет жағдайда, ТЭН-нің № мен мерзімін көрсету қажет. Егер ТЭН қажет болмаған жағдайда «түрін» көрсету қажет. Егер ТЭН қажет болып, жоқ болған жағдайда «жоқ» деп көрсету қажет;
- *** ЖСҚ-ның № мен мерзімін көрсету қажет. Егер ЖСҚ жоқ болса, «жоқ» деп көрсету қажет ;
- ****Егер қажет болған жағдайда ҚІТКША-нің бұйрық мерзімі мен № көрсету қажет. Егер жоба ҚІТКША бұйрығын талап етпесе, «талап етілмейді» деп көрсетуі қажет. Егер ҚІТКША бұйрығы жоқ болса, «жоқ» деп көрсету қажет;
- *****сараптаманың № мен мерзімін көрсетуі қажет. Егер сараптама жоқ болған жағдайда, «жоқ» деп көрсету қажет.

